

**Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1400 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 15 және 238-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.30 № 1122 (2011.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне (бұдан әрі – ұйымдардың қызметкерлері) еңбекақы төлеу жүйесі уақыт бойынша және/немесе кесімді еңбекақы төлеу жүйесі болып табылады деп белгіленсін.

Уақыт бойынша еңбекақы төлеу жүйесі:

1) азаматтық қызметшілердің (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша сыныптауға сәйкес әзірленетін азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі.

Азаматтық қызметшілердің (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша сыныптау қызмет саласына, біліміне, біліктілік деңгейіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне және жауапкершілік деңгейіне байланысты басқарушы, негізгі, әкімшілік және қосалқы персоналдардан қалыптасады;

2) азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің (жұмысшыларды қоспағанда) функционалдық блоктар бойынша лауазымдық жалақыларын (бұдан әрі – ЛЖ) есептеуге арналған базалық лауазымдық жалақыға (бұдан әрі – БЛЖ) қолданылатын коэффициенттер;

3) жұмысшылардың ЛЖ (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған БЛЖ-ға қолданылатын коэффициенттер;

4) ұйымдар қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар және

үстемеақылар, сауықтыруға арналған жәрдемақы және өтемақылар;

5) Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі қызметкерлерінің шетел валютасындағы ЛЖ (тарифтік мөлшерлемелер) схемалары негізінде еңбекақы төлеуді қамтиды.

Кесімді еңбекақы төлеу жүйесі орындалған жұмыстың (көрсетілген қызметтің) немесе дайындалған өнімнің заттай өлшем бірліктерінде көрсетілген әр бірлігі (көлемі) үшін еңбекақы төлеуді көздейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қоса беріліп отырған:

1) азаматтық қызметшілер (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлері лауазымдарының функционалдық блоктар бойынша сыныптамасы;

2) азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің (жұмысшыларды қоспағанда) функционалдық блоктар бойынша ЛЖ есептеуге арналған коэффициенттер;

3) жұмысшылардың ЛЖ (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициенттер;

4) ұйымдар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары;

5) Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары;

6) ұйымдардың қызметкерлеріне үнемдеу есебінен сыйлықақы беру жүзеге асырылатын, материалдық көмек көрсетілетін және ынталандырушы үстемеақы белгіленетін шығыс түрлерінің тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Мыналар:

1) ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қоры ЛЖ-дан (тарифтік мөлшерлемеден), еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақылардан, азаматтық қызметшілердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына қосылатын бір ЛЖ (тарифтік мөлшерлеме) мөлшеріндегі сауықтыру жәрдемақысынан, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өтемақылардан айқындалады;

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қоры шетел валютасындағы ЛЖ (тарифтік мөлшерлеме) негізге алына отырып айқындалады;

2) ұйымдар қызметкерлерінің ЛЖ-сы (тарифтік мөлшерлемесі) атқаратын лауазымдарының функционалдық блоктарға жатқызылуына және мамандығы бойынша жұмыс өтіліне, тағайындалған біліктілік разрядтарына (жұмысшылар үшін) қарай ЛЖ-ны (тарифтік мөлшерлемені) есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген БЛЖ мөлшеріне көбейту жолымен айқындалады;

педагог қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін ЛЖ (тарифтік мөлшерлемелер) бір аптаға белгіленген оқу жүктемесіне қарай айқындалады;

заңнамаға сәйкес ерекше мәртебе берілген мемлекеттік жоғары оқу орындарының мамандары мен қызметшілеріне ЛЖ ЛЖ-ның белгіленген мөлшеріне жоғарылататын коэффициенттерді қолдану арқылы айқындалады;

3) өтемақылардың мөлшері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалады деп белгіленсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Мыналар:

1) ұйымдардың қызметкерлеріне еңбек жағдайы үшін осы қаулыда белгіленген шекте қосымша ақылар мен үстемеақылардың нақты мөлшері заңнамаға сәйкес салалық келісімде, ұжымдық шартта және (немесе) жұмыс берушінің актісінде айқындалады;

2) білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт жүйесі ұйымдарының қызметкерлеріне белгіленген еңбек жағдайы үшін қосымша ақылар мен үстемеақылар басқа қызмет салаларында тиісті лауазымдарда істейтін және мамандығы бойынша жұмыстарды орындайтын ұйымдардың қызметкерлеріне қолданылады;

3) ұйымдар қызметкерлерінің ЛЖ-сын (тарифтік мөлшерлемесін) айқындау мақсатында орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) мамандығы бойынша жұмыс өтілін (қызмет саласының ерекшеліктерін ескере отырып) есептеудің тәртібі мен шарттарын айқындайды;

4) медициналық қызметкерлерге еңбекақы төлеудің шарттары көрсетілетін медициналық көмектің көлеміне, сапасына қарай денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орталық мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен белгіленеді;

4-1) жан басына шаққанда нормативтік қаржыландырылатын орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің шарттары көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасы мен олардың қызмет нәтижелеріне қарай білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен белгіленеді;

5) мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне, оның ішінде 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қабылданған қызметкерлерге жалақысындағы, сауықтыруға арналған жәрдемақысындағы айырма 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес олардың жалақысы мен сауықтыруға арналған жәрдемақысы 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған еңбекақы төлеу жүйесі бойынша жалақысынан және сауықтыруға арналған жәрдемақысынан төмен болып шыққан жағдайларда төленеді;

б) мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызмет салаларының барлығына ортақ мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын еңбек жөніндегі уәкілетті орган бекітеді;

7) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес азаматтық қызметшілер (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлері лауазымдарының функционалдық блоктар бойынша сыныптамасы негізінде еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдарын азаматтық қызметшілер лауазымдары тізілімінің функционалдық блоктарына және білікті жұмысшыларға жатқызу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекітеді.

Тиісті қызмет салаларындағы уәкілетті органдар еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша тиісті қызмет салалары бойынша азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекітеді деп белгіленсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.17 № 1209; 31.05.2014 № 598; 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5. Мемлекеттік басқару органдарына:

1) ұйымдардың басшыларына олардың жұмыс нәтижелері бойынша сыйлықақы беру, лауазымдық жалақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу, сондай-ақ қаржыландыру жоспары бойынша тиісті мемлекеттік мекемені ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен немесе мемлекеттік басқару органы қазыналық кәсіпорын үшін бекіткен даму жоспары бойынша қаражатты үнемдеу есебінен мемлекеттік басқару органы белгілеген тәртіппен материалдық көмек көрсету;

2) қызметкерлерге кесімді еңбекақы төлеу кезінде кесімді бағалауларды бекіту құқығы берілсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1553 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Ұйымдардың басшыларына:

1) мемлекеттік басқару органымен келісу бойынша азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімінде көрсетілген лауазымдардың атауларына қызмет ерекшелігін сипаттайтын арнаулы қосымша атауларды қолдануға, сондай-ақ функционалдық міндеттеріне қарай өзге де лауазымдар атауларын теңестіруге;

2) кредиторлық берешек болмаған кезде қаржыландыру жоспары бойынша тиісті мемлекеттік мекемені ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен немесе кредиторлық берешегі болмаған кезде мемлекеттік басқару органы қазыналық кәсіпорын үшін бекіткен даму жоспары бойынша қаражатты үнемдеу есебінен салалық келісімде, ұжымдық шартта және (немесе) жұмыс берушінің актісінде белгіленген тәртіппен қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету құқығы берілсін.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1553 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

7. "Базалық лауазымдық жалақы мен түзету коэффициентінің мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қаңтардағы N 74 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 2, 38-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспедегі "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысын" деген сөздер "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 200 жылғы " " N қаулысын" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. Осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

9. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1400 қаулысымен  
бекітілген

**Азаматтық қызметшілер (білікті жұмысшыларды қоспағанда),  
мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар  
қызметкерлері лауазымдарының функционалдық блоктар бойынша  
сыныптамасы**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957  
(01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Звено	Саты	Лауазымдардың атаулары
А блогы (басқарушы персонал)		
А1	1	Республикалық маңызы бар ММ және МҚК басшылары
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ және МҚК басшыларының орынбасарлары
	2	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК басшылары
	2-1	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК басшыларының орынбасарлары
	3	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК басшылары
	3-1	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК басшыларының орынбасарлары
	4	Ауылдық маңызы бар ММ және МҚК басшылары
А2	1	Республикалық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары
	2	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
	2-1	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық

		маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары
	3	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
	3-1	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары
	4	Ауылдық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
А3	1	Республикалық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелер басшылары
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелері басшыларының орынбасарлары
	2	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелер басшылары
	2-1	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелері басшыларының орынбасарлары
	3	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелер басшылары
	3-1	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелері басшыларының орынбасарлары
	4	Ауылдық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелерінің бөлімшелер басшылары
В блогы (негізгі персонал)		
В1	1	Бас ғылыми қызметкер, профессор
	2	Жетекші ғылыми қызметкер, доцент Бас сарапшы
	3	Аға ғылыми қызметкер Жетекші сарапшы

		Ғылыми-практикалық орталықтың аға әдіскері
	4	Ғылыми қызметкер Аға сарапшы Ғылыми-практикалық орталықтың әдіскері Жоғары оқу орнының, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының оқытушысы
	5	Кіші ғылыми қызметкер Жоғары оқу орнының, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының әдіскері Ассистент Сарапшы Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының аға шебері
«Білім беру» және «Денсаулық сақтау» салаларында		
B2	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты негізгі персонал мамандары (дәрігер, мұғалім)
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты негізгі персонал мамандары (дәрігер, мұғалім)
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты негізгі персонал мамандары (дәрігер, мұғалім)
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ негізгі персонал мамандары (дәрігер, мұғалім)
B3	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты негізгі персонал мамандары (тәрбиеші, әлеуметтік педагог, орта медициналық персонал мамандары және басқалар)
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты негізгі персонал мамандары (тәрбиеші, әлеуметтік педагог, орта медициналық персонал мамандары және басқалар)
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты негізгі персонал мамандары (тәрбиеші, әлеуметтік педагог, орта медициналық персонал мамандары және басқалар)
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ негізгі персонал мамандары (тәрбиеші, әлеуметтік педагог, орта медициналық персонал мамандары және басқалар)
B4	1	Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты негізгі



		персонал мамандары
	2	Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты негізгі персонал мамандары
	3	Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты негізгі персонал мамандары
	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ негізгі персонал мамандары
өзге де салаларда		
B2	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты негізгі персонал мамандары
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты негізгі персонал мамандары
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты негізгі персонал мамандары
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ негізгі персонал мамандары
B3	1	Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты негізгі персонал мамандары
	2	Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты негізгі персонал мамандары
	3	Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты негізгі персонал мамандары
	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ негізгі персонал мамандары
С блогы (әкімшілік персонал)		
C1		ММ және МҚК шаруашылық бөлімшелерінің меңгерушілері және оларға теңестірілген өзге де жеке лауазымдар
C2		Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар
C3		1) Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар; 2) ММ және МҚК шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын құрылымдық бөлімшенің басшысы

D блогы (қосалқы персонал)		
D		Техникалық орындаушылар

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ММ – мемлекеттік мекеме

МҚК – мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1400 қаулысымен  
бекітілген

**Азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің (жұмысшыларды қоспағанда) функционалдық блоктар бойынша лауазымдық жалақыларын есептеуге арналған коэффициенттер**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

А блогы - басқарушы персонал									
Звено	Саты	Жылдарға есептегенде, мамандық бойынша жұмыс өтілі							
		0-3	3-6	6-9	9-12	12-16	16-20	20-25	25 жылдан жоғары
А1	1	5,84	6,00	6,17	6,34	6,52	6,70	6,89	7,08
	1-1	5,55	5,71	5,87	6,03	6,20	6,37	6,55	6,73
	2	5,21	5,36	5,51	5,66	5,82	5,98	6,15	6,32
	2-1	4,95	5,09	5,23	5,38	5,53	5,68	5,84	6,00
	3	4,66	4,79	4,92	5,06	5,20	5,35	5,50	5,65
	3-1	4,43	4,55	4,68	4,81	4,94	5,08	5,22	5,37
	4	4,21	4,33	4,45	4,57	4,70	4,83	4,97	5,11
А2	1	5,31	5,46	5,61	5,77	5,93	6,10	6,27	6,45
	1-1	5,04	5,18	5,33	5,48	5,63	5,79	5,95	6,12
	2	4,74	4,87	5,01	5,15	5,29	5,44	5,59	5,75
	2-1	4,50	4,63	4,76	4,89	5,03	5,17	5,31	5,46
	3	4,24	4,36	4,48	4,61	4,74	4,87	5,01	5,15
	3-1	4,03	4,14	4,26	4,38	4,50	4,63	4,76	4,89
	4	3,83	3,94	4,05	4,16	4,28	4,40	4,52	4,65

А3	1	4,83	4,97	5,11	5,25	5,40	5,55	5,71	5,87			
	1-1	4,59	4,72	4,85	4,99	5,13	5,27	5,42	5,57			
	2	4,31	4,43	4,55	4,68	4,81	4,94	5,08	5,22			
	2-1	4,09	4,20	4,32	4,44	4,56	4,69	4,82	4,95			
	3	3,85	3,96	4,07	4,18	4,30	4,42	4,54	4,67			
	3-1	3,66	3,76	3,87	3,98	4,09	4,20	4,32	4,44			
	4	3,47	3,57	3,67	3,77	3,88	3,99	4,10	4,21			
В блогы – негізгі персонал												
Звено	Саты	Жылдарға есептегенде, мамандық бойынша жұмыс өтілі										
		0-1	1-2	2-3	3-5	5-7	7-10	10-13	13-16	16-20	20-25	25 жылдан жоғары
В1	1	5,09	5,19	5,29	5,39	5,49	5,59	5,70	5,81	5,92	6,03	6,14
	2	4,63	4,72	4,81	4,90	4,99	5,08	5,18	5,28	5,38	5,48	5,58
	3	4,21	4,29	4,37	4,45	4,53	4,62	4,71	4,80	4,89	4,98	5,07
	4	3,83	3,90	3,97	4,05	4,13	4,21	4,29	4,37	4,45	4,53	4,62
	5	3,48	3,55	3,62	3,69	3,76	3,83	3,90	3,97	4,05	4,13	4,21
«Білім беру» саласында												
В2	1	4,06	4,12	4,18	4,24	4,30	4,36	4,42	4,49	4,56	4,63	4,70
	2	3,66	3,72	3,78	3,84	3,90	3,96	4,02	4,09	4,16	4,23	4,30
	3	3,49	3,55	3,61	3,67	3,73	3,79	3,85	3,92	3,99	4,06	4,13
	4	3,08	3,14	3,20	3,26	3,32	3,38	3,44	3,51	3,58	3,65	3,72
В3	1	3,75	3,80	3,85	3,90	3,96	4,02	4,08	4,14	4,20	4,26	4,32
	2	3,35	3,40	3,45	3,50	3,56	3,62	3,68	3,74	3,80	3,86	3,92
	3	3,18	3,23	3,28	3,33	3,39	3,45	3,51	3,57	3,63	3,69	3,75
	4	2,77	2,82	2,87	2,92	2,98	3,04	3,10	3,16	3,22	3,28	3,34
В4	1	3,40	3,44	3,49	3,54	3,59	3,64	3,69	3,74	3,79	3,84	3,89
	2	2,92	2,96	3,01	3,06	3,11	3,16	3,21	3,26	3,31	3,36	3,41
	3	2,75	2,79	2,84	2,89	2,94	2,99	3,04	3,09	3,14	3,19	3,24
	4	2,34	2,38	2,43	2,48	2,53	2,58	2,63	2,68	2,73	2,78	2,83
«Денсаулық сақтау» саласында												
В2	1	4,57	4,63	4,69	4,75	4,81	4,87	4,93	5,00	5,07	5,14	5,21
	2	3,98	4,04	4,10	4,16	4,22	4,28	4,34	4,41	4,48	4,55	4,62
	3	3,73	3,79	3,85	3,91	3,97	4,03	4,09	4,16	4,23	4,30	4,37
	4	3,08	3,14	3,20	3,26	3,32	3,38	3,44	3,51	3,58	3,65	3,72
В3	1	4,26	4,31	4,36	4,41	4,47	4,53	4,59	4,65	4,71	4,77	4,83
	2	3,67	3,72	3,77	3,82	3,88	3,94	4,00	4,06	4,12	4,18	4,24
	3	3,42	3,47	3,52	3,57	3,63	3,69	3,75	3,81	3,87	3,93	3,99
	4	2,77	2,82	2,87	2,92	2,98	3,04	3,10	3,16	3,22	3,28	3,34

B4	1	3,30	3,34	3,38	3,42	3,47	3,52	3,57	3,62	3,67	3,72	3,77
	2	2,94	2,98	3,02	3,06	3,11	3,16	3,21	3,26	3,31	3,36	3,41
	3	2,71	2,75	2,79	2,83	2,88	2,93	2,98	3,03	3,08	3,13	3,18
	4	2,26	2,30	2,34	2,38	2,43	2,48	2,53	2,58	2,63	2,68	2,73
Өзге де салалар												
B2	1	3,72	3,78	3,84	3,90	3,96	4,02	4,08	4,15	4,22	4,29	4,36
	2	3,41	3,47	3,53	3,59	3,65	3,71	3,77	3,84	3,91	3,98	4,05
	3	3,33	3,39	3,45	3,51	3,57	3,63	3,69	3,76	3,83	3,90	3,97
	4	3,08	3,14	3,20	3,26	3,32	3,38	3,44	3,51	3,58	3,65	3,72
B3	1	3,24	3,29	3,34	3,39	3,44	3,49	3,54	3,59	3,65	3,71	3,77
	2	2,91	2,96	3,01	3,06	3,11	3,16	3,21	3,26	3,32	3,38	3,44
	3	2,83	2,88	2,93	2,98	3,03	3,08	3,13	3,18	3,24	3,30	3,36
	4	2,58	2,63	2,68	2,73	2,78	2,83	2,88	2,93	2,99	3,05	3,11
С блогы – әкімшілік персонал												
C1		3,39	3,47	3,55	3,63	3,71	3,80	3,89	3,98	4,07	4,16	4,26
C2		3,08	3,15	3,22	3,29	3,37	3,45	3,53	3,61	3,69	3,77	3,86
C3		2,05	2,10	2,15	2,20	2,25	2,30	2,35	2,40	2,46	2,52	2,58
D блогы – қосалқы персонал												
D		1,64	1,68	1,72	1,76	1,80	1,84	1,88	1,92	1,96	2,01	2,06

Ескертпе:

1. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының лауазымдық жалақыларын (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициент мамандығы бойынша «бір жылға дейін» жұмыс өтілі болған кезде тиісті лауазым санатына сәйкес келетін коэффициент деңгейінде белгіленеді.

2. «Білім беру», «Денсаулық сақтау» салаларындағы негізгі персоналдың лауазымдық жалақыларын (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициенттер қызметтің басқа салаларында тиісті лауазымдарды атқаратын және мамандығы бойынша жұмыстарды орындайтын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеу кезінде қолданылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1400 қаулысымен  
бекітілген

**Жұмысшылардың лауазымдық жалақыларын (тарифтік  
мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициенттер**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957  
(01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Біліктілік разряды	Коэффициент
8	2,58
7	2,41
6	2,25
5	2,10
4	1,96
3	1,83
2	1,71
1	1,60

Ескертпе:

Орындалатын жұмыстарды белгілі бір күрделілікке жатқызу және жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беру Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүргізіледі.

Азаматтық қызметшілердің құрамына білікті жұмысшылар кіреді.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1400 қаулысымен  
бекітілген

**Білім беру саласындағы азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық**

**кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Қосымша ақылардың атауы	Қосымша ақылардың түрлері	Қосымша ақылардың мөлшерлері	Ескертпе
1	2	3	4	5
1.		Лауазымдарды қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймағының кеңейгені) үшін қосымша ақы		
1)	Оқу орны жанындағы интернатқа меңгерушілік еткені үшін		БЛЖ-дан 25 %	Оқу орнында интернат меңгерушісінің лауазымы көзделмеген жағдайда
2)	Оқыту кабинеттерін (зертханаларды, шеберханаларды, оқу-консультациялық пункттерді) меңгергені үшін			«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
	мектептерде және мектеп-интернаттарында, балалар үйлерінде		БЛЖ-дан 20 %	
	техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында		БЛЖ-дан 25 %	
	аралас шеберханалар болған кезде		БЛЖ-дан 30 %	

3)	Мектепке (оның ішінде музыкалық, көркемөнер, өнер мектебіне және т.б.) басшылық жасағаны үшін		БЛЖ-дан 20 %	Директор лауазымы көзделмеген мектептерде
4)	Оқу жұмысына жетекшілік еткені үшін		БЛЖ-дан 20 %	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары лауазымы көзделмеген жеті жылдық музыка мектептерінде, өнер мектептерінде және көркемөнер мектептерінде
5)	Оқулықтардың кітапханалық қорымен жұмыс істегені үшін		БЛЖ-дан 30 %	
2.		Ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы		
1)	Оқу-тәрбие мекемелерінің басшыларына құрамында кемінде екі арнайы тобы (сыныбы) бар жалпы мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндіктері шектеулі, ұзақ уақыт емдеуді және айрықша тәрбие жағдайын қажет ететін балалармен, тәрбиеленушілермен жұмыс істегені үшін		БЛЖ-дан 30 %	

2)	Сынып жетекшілігі (топ жетекшілігі) үшін			«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
	1-4 сыныптар		БЛЖ-дан 25 %	
	5-11 (12) сыныптар		БЛЖ-дан 30 %	
	техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары		БЛЖ-дан 25 %	
3)	Дәптерлерді және жазбаша жұмыстарды тексергені үшін			«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес. Қосымша ақы, егер дәптер мен жазбаша жұмыстарды тексеру жұмыстың оқу жоспарында көзделген жағдайда белгіленеді
	1-4 сынып мұғалімдеріне		БЛЖ-дан 20 %	
	Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі (сыныптардағы) қазақ тілі мен басқа да ұлттық тілдердің және оқу ұлттық тілдерде жүретін мектептердегі (сыныптардағы) орыс тілінің осы пәндерді 1-4 сыныпта жүргізетін мұғалімдеріне		БЛЖ-дан 25 %	
	Жазбаша жұмыстарды тексергені үшін 5-11 (12) сынып		БЛЖ-дан 25 % БЛЖ-дан 20 %	



<p>мұғалімдеріне, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушыларына: қазақ, орыс тілдері, басқа ұлттық тілдер мен әдебиет бойынша; математика, химия, физика, биология, шет тілі, стенография, сызу, құрастыру, техникалық механика бойынша</p>		<p>%</p>	
<p>Мына балалармен: физикалық даму мүмкіндіктері шектеулі балалармен; білім беру ұйымдарында оқуға тиіс ақыл-ойының даму 4) мүмкіндіктері шектеулі балалармен; психоневрологиялық паталогиясы бар (білім беру ұйымдарында оқуға тиіс емес) балалармен жұмыс істегені үшін</p>		<p>БЛЖ-дан 40 %</p> <p>БЛЖ-дан 40 %</p> <p>БЛЖ-дан 50 %</p>	<p>«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес</p>

<p>Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары мен тәрбие колонияларындағы, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері жанындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы, мектептердегі, кешкі (ауысымдық) жалпы орта білім беру мектептеріндегі және оқу-консультациялық пункттердегі және басқа да мінез-құлқы девиантты балаларға арналған мекемелердегі балалармен жұмыс істегені үшін</p>		<p>БЛЖ-дан 30 %</p>	
<p>Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйлерінде, балалар интернат үйлерінде, отбасылық үлгідегі балалар үйлерінде, жетімханаларда, мектеп интернаттарда және мүмкіндіктері шектеулі балалар контингентінің интернат-үйлерінде, сәбилер үйлерінде (сыныптарда, топтарда) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс істегені үшін</p>		<p>БЛЖ-дан 30 %</p>	<p>Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйлерінде, балалар интернат үйлерінде, отбасылық үлгідегі балалар үйлерінде, жетімханаларда, мектеп-интернаттарда және дене бітімінің немесе ақыл-ойының дамуында кемістігі бар, ұзақ уақыт емделуді қажет ететін, психикалық дамуы артта қалған балалар контингентінің</p>

				интернат-үйлерінде, сәбилер үйлерінде (сыныптарда, топтарда) қосымша ақылар екі негіздеме бойынша белгіленеді (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс істегені үшін және даму, оқу мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істегені үшін)
7)	Мүгедектерге арналған арнайы білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне мүгедек балалармен жұмыс істегені үшін		БЛЖ-дан 30 %	
8)	психикалық және психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан адамдармен жұмыс істегені үшін		БЛЖ-дан 50 %	
3.		Бейіндік бағыттағы жекелеген пәндерді тереңдете оқытқаны үшін қосымша ақы		
1)	Мамандандырылған мектептер мен дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарда, мектеп-интернат-колледждерінде бейіндік бағыттағы		БЛЖ-дан 40 %	

	пәндер бойынша оқытушыларға			
2)	Жекелеген пәндерді тереңдете оқытатын оқу орындарының (сыныптардың, топтардың) бейіндік бағыттағы пәндер бойынша педагог қызметкерлеріне; жаңашылдық, эксперименттік режимде жұмыс істейтін (лицейлердің, гимназиялардың, техникалық лицейлердің, мектепке дейінгі және жалпы білім беру бағытындағы оқу тәрбие кешендерінің), сондай-ақ балаларды тәрбиелеу шет тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерге		БЛЖ-дан 20 %	
4.		Ауыр (ерекше ауыр) қол еңбегі жұмыстарымен және еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті (ерекше қауіпті)		2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Еңбек жағдайлары зиянды

		жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге төленетін қосымша ақы		өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі (тізбесі) негізінде
	Педагог және оларға теңестірілген қызметкерлерге туберкулез (туберкулезге қарсы) мекемелерінде, диспансерлерінде, санаторийлерінде, санаторий-профилакторийлерінде, орталық аудандық ауруханалар бөлімшелерінде және басқа да денсаулық сақтау ұйымдары мен санаторий үлгісіндегі мектеп интернаттарда жұмыс істегені үшін		БЛЖ-дан 60 %	
5.		Біліктілік деңгейі үшін қосымша ақы		
	Деңгейлі біліктілікті арттырудан өткен және тиісті деңгейдегі бағдарлама бойынша сертификат алған бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының: бірінші (ілгері) деңгейдегі; екінші (негізгі) деңгейдегі;		ЛЖ-дан 100 % ЛЖ-дан 70 % ЛЖ-дан 30 %	Көрсетілген қосымша ақыны белгілеу тәртібі мен шарттарын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды. Аталған қосымша ақы лауазымдық жалақыға нақты жүктемені ескере отырып, бірақ заңнамада белгіленген нормативтік оқу

	үшінші (базалық) деңгейдегі мұғалімдеріне		жүктемесінен асырылмай белгіленеді. 2016 жылғы 1 қаңтарға дейінгі біліктілік емтиханын тапсырған мұғалімдерге сертификаттың қолдану мерзімі аяқталғанға дейін төленеді
б.	Өндірістік оқытуды ұйымдастырғаны үшін қосымша ақы		
	Өндірістік оқытуды ұйымдастырғаны үшін	БЛЖ-дан 100 %	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлеріне

Ескертпелер:

1. Мектептер мен мектеп-интернаттардағы (даму және оқу мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнаулы түзету ұйымдарынан басқа) оқушы (тәрбиеленуші) саны 15-тен кем сыныптарда сынып жетекшілігі және дәптерлер мен жазба жұмыстарын тексергені үшін лауазымдық жалақыларына (мөлшерлемелеріне) қосымша ақы төлеу көрсетілген қосымша ақылардың белгіленген мөлшерінен 50 пайыз мөлшерінде жүргізіледі. Бұл тәртіп сондай-ақ сыныптарды кіші топтарға бөлгенде де қолданылады.

2. Оқушылардың күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы каникулдары кезеңінде педагог қызметкерлерге еңбекақы төлеу каникул басталар алдындағы тарифтеу кезінде белгіленген жалақы есебімен жүргізіледі.

3. Осы қосымшада белгіленген қосымша ақылар балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептерінің мамандандырылған бөлімшелерінің бейіндік мақсаттағы пәндер бойынша педагог қызметкерлеріне, олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептерінің, мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорттық техникалық мектептерінің, спорт колледждерінің, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың, жоғары спорттық шеберлік мектептерінің

басшы және бейіндік мақсаттағы пәндер бойынша педагог қызметкерлеріне, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, мәдениет мемлекеттік мекемелері мен қазыналық кәсіпорындарының педагог қызметкерлеріне, ішкі істер органдары, арнайы мемлекеттік органдар жүйесінің және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік мекемелері мен қазыналық кәсіпорындарының әскери және арнайы атақтары жоқ педагог қызметкерлеріне қолданылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1400 қаулысына  
5-қосымша

**Жоғары білім және ғылым азаматтық қызметшілерінің еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар**

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1400 қаулысымен  
бекітілген

**Денсаулық сақтау саласындағы азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар**

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Қосымша ақылардың атауы	Қосымша ақылар түрлері	Қосымша ақылардың мөлшерлері	Ескертпе
1	2	3	4	5

1.		Лауазымдарды қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймағының кеңейгені) үшін қосымша ақы		
1)	Ұйымдардың басшы-дәрігерлеріне және олардың дәрігер орынбасарларына өздері штатына кіретін ұйымдарда негізгі лауазымы бойынша жұмыс уақытының шегінде мамандығы бойынша жұмысты жүргізуге рұқсат беріледі		Тиісті мамандық дәрігерінің ЛЖ 25 %-ына дейін	Негізгі лауазымы бойынша жұмыс уақытының шегінде
2)	Дәрігерлерге (фельдшерлерге) үлгілік штат нормативтерінде белгіленген тәртіппен бөлімшенің (кабинеттердің) меңгерушісі функцияларын орындағаны үшін		БЛЖ-дан 50 %	



2.		<p>Ауыр (ерекше ауыр) қол еңбегі жұмыстарымен және еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге төленетін қосымша ақы</p>		<p>2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Еңбек жағдайлары зиянды өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі (тізбесі) негізінде</p>
1)	<p>Инфекциялық-паразитарлық, тері-венерологиялық аурулармен ауыратын; гериатриялық ауытқушылықтары бар науқастарды (хоспис, мейіргерлер күтім көрсететін үй) (жасына қарамастан) емдегені, оңалту жүргізгені, сауықтырғаны және қызмет көрсеткені үшін</p>		БЛЖ-дан 20%	
2)	<p>Тастарды толқынды соққымен дистанциялық үгіту, физиотерапиялық, бальнеология-</p>		БЛЖ-дан 20%	

<p>балшықпен емдеу ем-шаралары, эндоскопия; барлық бейіндегі іріңді хирургия бөлімшелерінде, ми қан айналымы бұзылған науқастарға арналған неврологиялық бөлімшелерде емдегені және қарап бақылағаны үшін</p>			
<p>Қан мен оның компоненттерін және сүйек кемігін мұздатылған күйде дайындау және сақтау бойынша, емдеу плазмоферез, гемосорбция және гемодиализ бөлімшелерінде 3) (кабинеттерінде), сондай-ақ күрт өзгеріп тұратын атмосфералық қысым немесе оның элементтерін қолдану жағдайларында, вольер жағдайында, вокзалдардағы медициналық пункттерде жұмыс істегені үшін</p>		<p>БЛЖ-дан 22 %</p>	

4)	Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтегі жұқпалы және паразиттік аурулардың қоздырғыштарымен, физикалық факторлармен, химиялық және радиоактивті заттармен жұмыс істегені үшін		БЛЖ-дан 20 %	
5)	Аса қауіпті және карантиндік індеттер қоздырғыштарымен және оларды жұқтыруы мүмкін және жұқтыру әлеуеті бар материалдармен, оның ішінде алапес, оба қоздырғыштарымен жұмыс істегені үшін		БЛЖ-дан 140 %	
6)	Орталық, перифериялық жүйке жүйесі зақымданған және ақыл-ойының дамуында кемістігі бар психикасы бұзылған (оның ішінде балалар үшін); алкогольмен өткір уланудың немесе психоздың салдарынан жарақаттанған ауруларды емдегені және оларға қызмет көрсеткені үшін		БЛЖ-дан 22 %	

7)	<p>Психиатриялық, психоневрологиялық, жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық мекемелерде, наркологиялық ұйымдарда, (бөлімшелерде); емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханаларында және ауылдық қосалқы шаруашылықта жұмыс істегені үшін</p>		БЛЖ-дан 40 %	
8)	<p>Маскүнемдікке, нашақорлыққа және уытқұмарлыққа шалдыққан науқастарды мәжбүрлеп емдеуге арналған мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерінде (МЕПМ) жұмыс істегені үшін</p>		БЛЖ-дан 35 %	
9)	<p>Анестезиология-реанимация құрамына кіретін реанимация және қарқынды терапия, оның ішінде экспресс-зертхана бөлімдерінде (топтарда) жұмыс</p>		БЛЖ-дан 20%	

	істегені үшін			
10	Жұқпалы аурулардың тірі қоздырғыштарымен (немесе ауру жануарлармен), ауру тудыратын вирустармен, бозғыл трепонеманы иммобилизациялау реакциясын қою бойынша үнемі ) жұмыс жүргізу үшін көзделген химиялық реактивтермен, аллерген реактивтермен жұмыс істеу кезінде барлық бейіндегі топтар мен кабинеттерде, зертханаларда жұмыс істегені үшін		БЛЖ-дан 40 %	
11	Сот медицинасы орталығында (бөлімшелерінде), патологоанатомиялық ) бюрода (бөлімдерде, бөлімшелерде) жұмыс істегені үшін		БЛЖ-дан 60 %	
12	Жұқтырылған иммун ) тапшылығы синдромы		ЛЖ-дан 60 %	Қызметкерлердің тізбесін және

<p>және АИТВ жұқтырған ауруларды диагностикалау, емдеу, жұқтырылған иммун тапшылығы синдромымен ауыратындардан және АИТВ жұқтырғандардан келіп түсетін материалдарды зертханалық зерттеудің барлық түрін жүргізгені үшін, ғылыми-зерттеу бірлестіктерінде және олардың құрылымдық бөлімшелерінде бактериялық және вирустық препараттарды өндіру және жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы/АИТВ проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгені үшін</p>			<p>белгілеу шарттарын денсаулық сақтау саласындағы орталық атқарушы орган айқындайды. Көрсетілген қосымша ақы нақты жұмыс істеген сағаттары үшін барабар төленеді</p>
<p>13 ) Туберкулез (туберкулезге қарсы) мекемелерінде, диспансерлерінде, санаторийлерінде, санаторий-профилакторийлерінде, емдеу-өндірістік шеберханаларында</p>		<p>БЛЖ-дан 60 %</p>	

<p>(дәрігерлерден, орта медициналық қызметкерлерден, санитарлардан басқа) жұмыс істегені үшін</p>			
<p>Дәрігерлерге, орта медициналық қызметкерлерге, санитарларға туберкулез (туберкулезге қарсы) мекемелерінде, диспансерлерінде, орталық аудандық ауруханалардың бөлімшелерінде және басқа да денсаулық сақтау ұйымдарында, туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған емдеу- ) профилактикалық ұйымдардың санаторийлерінде, санаторий-профилакторийлерінде, бөлімшелерінде, палаталарында, изоляторларында, туберкулезге қарсы күрес кабинеттерінде, балалардың туберкулезіне қарсы денсаулық сақтау ұйымдарында (бөлімшелерінде) жұмыс істегені үшін</p>		<p>БЛЖ-дан 190%</p>	

15	<p>Дәрігерлерге, орта медицина қызметкерлеріне, санитарларға туберкулез (туберкулезге қарсы) мекемелерінде, диспансерлерінде, орталық аудандық ) ауруханалардың бөлімшелерінде және басқа да денсаулық сақтау ұйымдарында туберкулездің мультирезистенттік түрімен ауыратын науқастармен жұмыс істегені үшін</p>		БЛЖ-дан 220%	
16	<p>Рентген сәулелі диагностикасын ) пайдалана отырып жұмыс істегені үшін</p>		БЛЖ-дан 100 %	
17	<p>Ультрадыбыстық диагностиканы ) пайдалана отырып жұмыс істегені үшін</p>		БЛЖ-дан 60 %	
18	<p>Паллиативтік көмек көрсету палаталарында (бөлімшелерінде), хоспистерде, ) мейіргерлер күтім көрсететін үйлерде науқастарды (жастарына қарамастан) емдегені және қызмет</p>		БЛЖ-дан 40 %	



	көрсеткені үшін			
3.		Ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы		Лауазымдар мен ұйымдардың нақты тізбесін денсаулық сақтау саласындағы орталық атқарушы орган белгілейді
1)	Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға арналған госпитальдарда және ауруханалар құрамындағы арнаулы бөлімшелерде медициналық көмек көрсеткені үшін: медицина қызметкерлеріне; фармацевтика және басқа да қызметкерлерге		БЛЖ-дан 25% дейін БЛЖ-дан 20% дейін	
2)	Орта медициналық персоналға күйікке шалдыққан науқастарды емдегені және қызмет көрсеткені үшін		БЛЖ-дан 20%	

3)	<p>Психикалық ауытқуы жоқ дене бітімінің дамуында кемістіктері бар, статодинамикалық, сенсорлық функциялары және шығару функциялары бұзылған науқас балаларға диагностика жүргізгені, емдегені және оңалту жүргізгені үшін</p>		БЛЖ-дан 20%	
4)	<p>Сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернат-үйлерде жұмыс істегені үшін</p>		БЛЖ-дан 30%	
5)	<p>Сот-психиатриялық сараптама бөлімшелерінде (күзетпен ұсталатын адамдарға арналған) жұмыс істегені үшін</p>		БЛЖ-дан 60%	
6)	<p>Стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерінде</p>		<p>БЛЖ-дан 30%</p> <p>БЛЖ-дан 40%</p> <p>БЛЖ-дан 50%</p> <p>БЛЖ-дан 60%</p> <p>БЛЖ-дан 40%</p> <p>БЛЖ-дан 60%</p>	

емдеу-  
профилактикалық іс-  
шараларын жүргізгені  
үшін;  
қарттармен жұмыс  
істегені үшін;  
мүгедектермен, оның  
ішінде тірек-қимыл  
аппараты бұзылған  
мүгедек балалармен  
жұмыс істегені үшін;  
психоневрологиялық  
аурулары бар мүгедек  
балалармен және 18  
жастан асқан  
мүгедектермен жұмыс  
істегені үшін;  
белгілі бір  
тұрғылықты жері жоқ  
адамдармен  
(әлеуметтік бейімдеу  
орталықтарында)  
жұмыс істегені үшін;  
қатыгездікке  
ұшыраған адамдармен  
жұмыс істегені үшін;  
бас бостандығынан  
айыру орындарынан  
босатылған және  
қылмыстық-атқару  
инспекциясының  
пробация қызметінің  
есебінде тұрған  
адамдармен жұмыс  
істегені үшін

7)	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою бойынша жедел медициналық көмек көрсеткені үшін		ЛЖ-дан 50 %	
8)	Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде (оның ішінде балалар үйлерінде), тергеу изоляторларында, уақытша ұстау изоляторларында, ауруханаларда сотталғандарды емдегені үшін медициналық қызметкерлерге		БЛЖ-дан 40 %	
9)	Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің (оның ішінде балалар үйлерінде), тергеу изоляторларының, уақытша ұстау изоляторларының, ауруханалардың, фармацевтика қызметкерлеріне емдеу үшін		БЛЖ-дан 30 %	

10	Шұғыл медициналық көмекті тікелей көрсету және құтқару жұмыстары үшін ұйымдастырылған ) арнайы мақсаттағы медициналық жасақтардың медицина қызметкерлеріне		Күту және ұдайы әзірлікте болу режиміндегі кезекшіліктің әр сағаты үшін сағаттық мөлшерлемеден 25%	
4.		Аумақтық учаске жағдайында медициналық көмек көрсеткені үшін қосымша ақы	БЛЖ-дан 50 %	Лауазымдар мен ұйымдардың нақты тізбесін денсаулық сақтау саласындағы орталық атқарушы орган белгілейді
5.		Психоэмоциялық және дене жүктемесі үшін қосымша ақы		Қызметкерлердің лауазымдары мен мамандықтарының нақты тізбесі және олардың психоэмоциялық және дене жүктемесін айқындайтын критерийлері осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленеді

<p>Жұмысы психоэмоциялық және дене жүктемесімен жоғары дәрежеде ұштасатын 1) кардиохирургиялық, трансплантологиялық, нейрохирургиялық және микрохирургиялық бейінді, оның ішінде балалар мамандары:</p>			<p>Жоғары мамандандырылған медициналық жәрдем көрсететін ұйымдар</p>
<p>дәрігерлер: кардиохирург, трансплантолог, микрохирург, ангиохирург, нейрохирург;</p>		<p>БЛЖ-дан 200 %</p>	
<p>орта медициналық персонал: операция мейіргері, реаниматология, анестезиология және қарқынды терапия бөлімшелерінің (топтарының) анестезиология мейіргері</p>		<p>БЛЖ-дан 150 %</p>	
біліктілігін арттыру орталығы» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік және қызметтік құпияны қамтитын құпия және өте құпия құжаттармен тұрақты жұмыс істейтін мамандарға			тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган белгілейді
---	--	--	--

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1400 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты, Қазақстан Республикасы Заңнама институтының қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін үстемеақылар**  
Ескерту. 18-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Үстемеақылардың атауы	Үстемеақылардың түрлері	Үстемеақылардың мөлшерлері	Ескертпе
1	2	3	4	5
1	Қазақстан Республикасы Заңнама институтының ғылыми қызметкерлеріне	Құқық саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізгені үшін үстемеақы	ЛЖ-дан 100%	Мекеме басшысы белгілеген тәртіппен және шарттармен
2	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтының ғылыми қызметшілеріне	Ғылыми зерттеулердің және ел басшыларына ұсынылатын есеп беру материалдарының жоғары сапасы үшін үстемеақы	ЛЖ-дан 100%	Мекеме басшысы белгілеген тәртіппен және шарттармен

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1400 қаулысымен  
бекітілген

**Азаматтық қызметшілер, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен  
ұсталатын ұйымдардың қызметкерлері, қазыналық кәсіпорындардың  
қызметкерлері үшін бірыңғай қосымша ақылар мен үстемеақылар**

Ескерту. 19-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957  
(01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

P/c №	Қосымша ақылар мен үстемеақылардың атауы	Қосымша ақылар мен үстемеақылард ың түрлері	Қосымша ақылар мен үстемеақылардың мөлшерлері	Ескертпе
1	2	3	4	5
		Ауылдық жердегі жұмысы үшін арттыру		
1)	Ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға, жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша арттырылған айлықақылар (тарифтік мөлшерлемелер) белгіленеді		25 %-дан кем емес	2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес
2)	Республикалық		25 %-дан	2007 жылы 15

	бюджеттен қаржыландырылатын және ауылдық елді мекендерде орналасқан мекемелерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға арттырылған айлықақылар (тарифтік мөлшерлемелер) белгіленеді.		кем емес	мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес
2.	Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне кешкі сағат 22-ден таңғы сағат 6-ға дейін әр сағаты үшін	Түнгі уақыттағы жұмысы үшін қосымша ақы	Сағаттық мөлшерлемеден 50%	2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес
3.	Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне мереке немесе демалыс күндерінің әр сағаты үшін	Мереке және демалыс күндеріндегі жұмысы үшін қосымша ақы	Сағаттық мөлшерлемеден 100%	2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес
4.	Мемлекеттік	Мерзімнен тыс	Сағаттық	2007 жылғы 15

	мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне мерзімнен тыс жұмыстың әр сағаты үшін	жұмыс істегені үшін қосымша ақы	мөлшерлемеден 50%	мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес
5.	Мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың негізгі лауазымы (мамандығы) бойынша жұмыс уақытының шегінде қосымша жұмыс орындайтын қызметкерлеріне	Лауазымдарды қоса атқарғаны (қызметтер көрсету аймағының кеңейгені) үшін қосымша ақы	ЛЖ-дан 50 %	2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Көрсетілген қосымша ақылар мемлекеттік мекемелердің, қазыналық кәсіпорындардың басшыларына және олардың орынбасарларына қолданылмайды
6.	Мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне	Уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақы	Нақты көлеміне қарай	2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес
7.	Экологиялық апат аймақтарында, оның ішінде: экологиялық апат дағдарыс экологиялық дағдарыс алдындағы жағдайдағы аймақтарда	Экологиялық апат аймақтарында жұмыс істегені үшін қосымша ақы	ЛЖ-дан 50 %	2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және «Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды
			ЛЖ-дан 30 %	
			ЛЖ-дан 20 %	



	тұратын және еңбек қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне			әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
8.	Радиациялық қатер аймақтарында, оның ішінде: төтенше радиациялық қатер ең көп радиациялық қатер жоғарғы радиациялық қатер ең аз радиациялық қатер жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аймақтарда тұратын және еңбек қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне	Радиациялық қатер аумағында жұмыс істегені үшін қосымша ақы	2 АЕК*	2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексiне және «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес. Көрсетiлген қосымша ақы жеңiлдіктер мен өтемақыларға құқықты растайтын құжат (куәлік) болған жағдайда берiледі
			1,75 АЕК*	
			1,5 АЕК*	
			1,25 АЕК*	
			1 АЕК*	
9.		Ауыр (ерекше ауыр) қол еңбегі жұмыстарымен және еңбек		2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының

		жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге қосымша ақы		Еңбек кодексіне сәйкес және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Еңбек жағдайлары зиянды кәсіптер және қызметтер өндірістерінің, цехтарының тізімі (тізбесі) негізінде
1)	Мемлекеттік мекемелер мен казыналық кәсіпорындардың қызметшілері мен жұмысшыларына		БЛЖ-дан 30%	
2)	Тазалаушыларға: дезинфекциялық құралдарды пайдаланатын өндірістік және қызметтік үй-жайларды; дезинфекциялық құралдарды пайдалана отырып, дәретханаларды жинаған кезде		БЛЖ-дан 20% БЛЖ-дан 30%	
10.		Сыныптық біліктілігі үшін үстемеақы		
	«1-сыныпты жүргізуші» (В, С, Д, Е санаттары болғанда) «2-сыныпты жүргізуші» (В, С, Е		БЛЖ-дан 35% БЛЖ-дан 20%	

	немесе В, С, Д немесе Д (Д және Е) санаттары болғанда) сыныптық біліктілігі бар жүк және жеңіл автомобильдер, автобустар жүргізушілеріне			
11.		Құрметті атағы үшін үстемеақы		
	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының «Халық» деген құрметті атағы бар және республиканың құрметті атақтарына ие болған қызметкерлерге		БЛЖ-дан 50%	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының «Еңбек сіңірген» құрметті атағы бар және республиканың құрметті атақтарына ие болған қызметкерлерге		БЛЖ-дан 30%	
12.		Ғылыми дәрежесі үшін қосымша ақы		
	Ғылым		1 ЕТЖМ**	Көрсетілген

	кандидаттарына, философия докторларына (PhD), бейіні бойынша докторларға			қосымша ақы біліктілігі жоғары ғылыми кадрларды аттестаттау жөніндегі уәкілетті орган берген тиісті дипломы болған кезде белгіленеді және негізгі жұмыс орны бойынша төленеді
	Ғылым докторларына		2 ЕТЖМ**	
13.	Персоналдың жұмысын ұйымдастырғаны үшін	«Аға» мәртебесі үшін қосымша ақы	БЛЖ-дан 25%	
14.	Ұйымның негізгі персоналына	Бөлімшені (кабинет) меңгергені үшін қосымша ақы	БЛЖ-дан 50%	
15.	Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне	Ерекше еңбек жағдайлары үшін үстемеақы	ЛЖ-дан 10%	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

\* АЕК – заңнамалық актілерде белгіленген айлық есептік көрсеткіш.

\*\*ЕТЖМ – заңнамада белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшері.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1400 қаулысына  
20-қосымша

**Мемлекеттік мекемелерде оқу сабақтарын өткізуге тартылған  
қызметкерлердің еңбегіне сағат бойынша ақы төлеу**

Ескерту. 20-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957  
(01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

<b>Оқытындар контингенті</b>	<b>Сағат бойынша ақы төлеу мөлшері*</b>		
<b>Профессор, ғылым докторы</b>	<b>Доцент, ғылым кандидаты</b>	<b>Ғылыми дәрежесі жоқ адамдар</b>	
<p>Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқушылары және оқушылардың осыған ұқсас басқа да санаттары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді талап ететін лауазымға ие қызметкерлер, жұмысшылар, курс тыңдаушылары; студенттер; аспиранттар, басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орындарының тыңдаушылары, дәрігерлердің консультация өткізулері</p>	<p style="text-align: center;">0,09*** 0,10**** 0,12*****</p>	<p style="text-align: center;">0,08*** 0,09**** 0,10*****</p>	<p style="text-align: center;">0,07*** 0,08**** 0,09*****</p>
<b>Қызметкерлер санаты</b>	<b>Сағат бойынша төленетін ақының мөлшері*</b>		

<p>Оқу сабақтарын жүргізуге қатысатын, пластикалық кейіптерді көрсететіндердің еңбегіне сағат бойынша ақы төлеу ставкасы мынадай мөлшерде белгіленеді:</p> <p>киімсіз немесе күрделі кейіпте кейіп көрсеткені үшін киім киіп тұрып кейіп көрсеткені үшін</p>	<p>0,04 0,03</p>
<p>Қызметкерлер санаты</p>	<p>Сағат бойынша төленетін ақының мөлшері</p>
<p>Оқу сабақтарын өткізуге қатысатын оқу-қосалқы қызметкер қатарындағы адамдарға сағат бойынша еңбек ақы төлеу ставкасы ғылыми дәрежесі жоқ адамдарға көзделген сағат бойынша еңбек ақы төлеу ставкасының 50-пайызы мөлшерінде белгіленеді</p>	<p>50%</p>
<p>Қызметкерлер санаты</p>	<p>Сағат бойынша төленетін ақының мөлшері**</p>
<p>Ғылыми дәрежесі мен атағының болуына қарамастан, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің консултанттарына Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының толық мүшелеріне және корреспондент мүшелеріне</p>	<p>3% 25%</p>

## **Ескертпе:**

Ұзақтығы бір сағаттан кем болмайтын біржолғы консультация беруге бір сағат ретінде ақы төленеді.

Сағат бойынша еңбек ақы төлеу ғылым докторының немесе кандидатының ғылыми дәрежесі үшін берілетін қосымша ақыны ескереді.

Жоғары білімі бар жоғары оқу орындарының (бұдан әрі – ЖОО) қызметкерлері негізгі лауазымы бойынша жұмыс күнінен тыс ЖОО ректорының рұқсатымен сол оқу орнында көлемі жылына 225 сағаттан аспайтын көлемде, сағат бойынша еңбекақы төлеу шарттарында педагогикалық жұмыспен шұғылдана алады.

"Халық" деген құрметті атағы бар адамдарға сағат бойынша еңбек ақы төлеу ставкасы профессорлар, ғылым докторлары үшін көзделген мөлшерде, ал "Еңбек сіңірген" құрметті атағы бар адамдарға доценттер, ғылым кандидаттары үшін көзделген мөлшерде белгіленеді.

Конкурстар мен байқаулардың әділқазылар алқасының мүшелеріне, сондай-ақ конкурстық жұмыс рецензенттеріне еңбек ақы төлеу студенттермен оқу сабақтарын жүргізетін адамдарға көзделген сағат бойынша еңбек ақы төлеу ставкасы бойынша жүргізіледі.

\* Сағат бойынша ақы төлеу ставкасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген базалық лауазымдық жалақыны және сағат бойынша ақы төлеу коэффициенттерінің тиісті мөлшерін ескере отырып анықталады

\*\* Сағат бойынша ақы төлеу ставкасы лауазымдық жалақысынан пайызбен белгіленеді.

\*\*\* Сағат бойынша ақы төлеу ставкасы:

жоғары оқу орнына түсуге даярлау, секциялық және жаттықтырушы жұмыстары бойынша курстардың оқытушыларына еңбек ақы төлеу үшін;

тілдерді үйрену жөніндегі курстардың оқытушыларының еңбегіне ақы төлеу үшін;

университеттердің, педагогикалық, инженер-педагогикалық институттардың (факультеттердің) студенттері педагогикалық практика өтетін оқу-тәрбие мекемелері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу үшін қолданылуы мүмкін.

\*\*\*\* Сағат бойынша ақы төлеу ставкасы:

басқа жоғары оқу орындарынан тартылатын емтихан комиссиясының төрағалары мен мүшелеріне, сондай-ақ өндірістерден тартылатын мамандардың еңбегіне ақы төлеу үшін;

егер студенттерге өздері берген пәндер бойынша мемлекеттік емтихан қабылдайтын немесе дипломдық жоба жетекшісі бола отырып дипломдық

жобаны қорғауды қабылдайтын жағдайларда, Мемлекеттік емтихан комиссиясына қатысқаны үшін ректорлар мен проректорлардың еңбегіне ақы төлеу;

сағат бойынша жұмыс істейтін оқытушылар өнер және мәдениет жоғары оқу орындарында арнайы пәндер бойынша жеке сабақтарды жүргізу кезінде;

медбикелерді даярлау үшін азаматтық қорғаныс кафедрасына шақырылған медицина қызметкерлерін, қоғамдық кәсіптер факультеттеріне оқытушылық жұмыстарға тартылған адамдарға еңбек ақы төлеу үшін;

оқуға түсу емтихандарын қабылдау кезінде;

шет тілін жедел меңгеру жөніндегі курстардың тыңдаушыларымен, магистранттармен сабақ жүргізу кезінде;

басқа жоғары оқу орындарынан тартылатын оқытушыларға студенттердің далалық және педагогикалық практикасына жетекшілік жасағаны үшін қолданылуы мүмкін;

\*\*\*\*\* Сағат бойынша ақы төлеу ставкалары, сондай-ақ:

мекемелер экономикалық және құқықтық мәселелер бойынша ақылы қызметтер көрсету үшін тартатын жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылар құрамы мен мамандардың еңбегіне ақы төлеу үшін;

диссертациялық зерттеулердің консультанттары ретінде тартылатын басқа ұйымдардың жетекші ғалымдары мен мамандарының еңбегіне ақы төлеу үшін (бір докторантқа жылына 50 сағат);

басшы қызметкерлердің және мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі курстардың тыңдаушыларымен сабақ (лекция) өткізгені үшін ақы төлеу;

халықаралық олимпиадалардың қатысушыларымен сабақтар (лекция) өткізгені үшін еңбек ақы төлеу үшін қолданылуы мүмкін.



Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1400 қаулысымен  
бекітілген

**Техникалық қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидалары**

Ескерту. 21-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Техникалық қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі белгілі бір функционалдық блокқа, звеноға және сатыға жататын атқаратын лауазымына сәйкес олардың лауазымдық жалақысын айқындау мақсатымен есептеледі.

1. Лауазымдық жалақы алуға құқық беретін мамандық бойынша жұмыс өтіліне мемлекеттік органдарда істеген барлық жұмыс уақыты кіреді, сондай-ақ:

1) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, офицерлік құрамдағы адамдардың, прапорщиктердің, мичмандардың, Қарулы Күштердегі мерзімсіз қызметтегі әскери қызметшілердің, ішкі, шекара әскерлерінде, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының азаматтық қорғаныс басқару органдары мен бөлімшелерінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде, Қазақстан Республикасы «Сырбар» сыртқы барлау қызметінде және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында және әскери-тергеу органдарында міндетті әскери қызметін өткерген;

1-1) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген;

2) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, басшы құрамдағы адамдардың ішкі істер органдары жүйесіндегі, қылмыстық-атқару қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет жүйесіндегі қызметте, прокуратура органдарындағы қызметте, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы Кеңестік

Социалистік Республикалар Одағының сот аппараттарында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінде жұмыс істеген;

3) Қазақстан Республикасы мен бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының соттарында, прокуратура органдарында, ішкі істер органдарында, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдарында, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінде еңбек сіңірген жылдарына үстемеақы алу құқығын беретін лауазымдарда жұмыс істеген;

4) Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекеттік банкі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жүйесінде жұмыс істеген;

5) жүктілігі және босануы бойынша демалысы, сондай-ақ заңнамаға сәйкес берілген бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі жөніндегі жалақысы сақталмайтын демалыс уақыты;

6) егер шетелге жіберер алдында қызметкер мемлекеттік органдарда жұмыс істеген болса және көшу уақытын қоспағанда, шетелден қайтып келген күнінен бастап екі айдың ішінде мемлекеттік органға қызметке тұрса, шетелде жұмыс істеген;

7) Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді органдары депутаттарының өкілеттіктерін тұрақты негізде жүзеге асырған;

8) егер қызметкер курсқа түскенге дейін мемлекеттік органда жұмыс істесе және оны бітірген соң мемлекеттік органға қайта оралса, оның кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында мемлекеттік органдар жолдамасымен жұмыстан қол үзіп оқыған;

9) ұйымдарда мемлекеттік органдардағы атқаратын лауазымдары бойынша мамандықтарымен бірдей мамандықтар бойынша лауазымдарда кейінгі жұмыс істеген уақыты кіреді.

2. Осы Қағидаларға сәйкес есептелетін мамандық бойынша жұмыс өтілі күнтізбелік есептеуде ескеріледі.

3. Күнтізбелік ай ішінде лауазымдық жалақысын арттыру құқығы туындаған қызметкерлерге, өтілін ескере отырып лауазымдық жалақысын есептеу осындай құқық туындаған күннен бастап жүзеге асырылады.

4. Мамандығы бойынша жұмыс өтілін еңбек өтілін белгілеу жөніндегі комиссия айқындайды, оның құрамын тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітеді.

Мамандығы бойынша жұмыс өтілін белгілеу жөніндегі комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Шешімнен үзінділер екі данада дайындалады және бір данасы - кадр қызметіне, екіншісі - бухгалтерияға беріледі.

5. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттары мамандығы бойынша жұмыс өтілін айқындауға арналған құжаттар болып табылады.

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
 N 1400 қаулысына  
 22-қосымша

**Денсаулық сақтау саласындағы азаматтық қызметшілер, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлері, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлері лауазымдарының және кәсіптерінің тізбесі мен олардың психоэмоционалдық және дене жүктемесін айқындайтын критерийлер**

Ескерту. 22-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 22-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.02.05 N 111 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Р/с №	Қызметкерлер лауазымдарының және кәсіптерінің атауы	Психоэмоционалдық және дене жүктемелерінің критерийлері
1	2	3
1.	Жұмысы психоэмоционалдық және дене жүктемесінің жоғарғы дәрежесімен ұштасқан хирургиялық, оның ішінде балалар хирургиясы, бейінді мамандар	Хирургиялық араласудың нәтижесі үшін тұрақты жүйке-эмоциялық күйзеліс, кезекшілікке байланысты қатты шаршау, шұғыл операциялық араласулар, мәжбүрлі жұмыс істеу қалпы, анализатор жүйелерінің шамадан тыс күйзелісі, жылдам шешім қабылдау қажеттігі, көзге көп күш түсу - жоғары дәрежедегі жүктеме
1)	дәрігерлер: кардиохирург трансплантолог микрохирург ангиохирург нейрохирург	
2)	орта медициналық персонал:	

	операция медициналық бикесі, хирургия медициналық бикесі	
	реаниматология және анестезиология және интенсивті терапия бөлімшесінің анестезиялық медбикесі;	
2.	Хирургиялық және акушер-гинекологиялық, соның ішінде балалар хирургиясы, бейінді мамандар:	
1)	дәрігерлер:	
	акушер-гинеколог	
	жалпы хирург	
	абдоминальды хирург	
	торакальды хирург	
	ангиохирург	
	нейрохирург	
	анестезиолог-реаниматолог	
	эндокринологиялық хирург	
	уролог	
	проктолог	
	онколог-хирург	
	маммолог	
	травматолог-ортопед (оның ішінде травматология пункттерінің)	
	жақ сүйегі-бет хирургы	
	пластикалық хирург	
	камбустиолог	
	офтальмолог	
	оториноларинголог	
	эндоскопист	
	трансфузиолог	
2)	орта медициналық персонал:	
	операция медициналық бикесі	
	перзентхана бөлімшесінің акушері	
	реаниматология және анестезиология және интенсивті терапия бөлімшесінің анестезист медициналық бикесі	
	интенсивті терапия палатасының	
		1-тармақтағы өлшемдер, бірақ жүктеме дәрежесі одан төмендеу - орташа дәрежедегі жүктеме

	медициналық бикесі	
	травматология пункттерінің медициналық бикесі	
3.	Амбулаториялық ұйымдардың хирургиялық, оның ішінде балалар хирургиясы бейінді мамандары	1-тармақтағы өлшемдер, бірақ жеңіл дәрежедегі жүктеме
1)	дәрігерлер:	
	хирург	
	уролог	
	онколог-хирург	
	маммолог	
	травматолог-ортопед	
	офтальмолог	
	оториноларинголог	
	стоматолог-хирург	
	акушер-гинеколог	
2)	орта медициналық персонал:	
	хирургиялық бейінді медбике;	
4.	Ауылда орналасқан алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының мамандары:	Зор шыдамдылық таныту және аса зейінді болу, психоэмоциялық күйзеліс - үйдегі науқастармен және оның туысқандарымен қарым-қатынас қиындығы, психикалық ауытқуы бар науқастың әдеттен тыс мінез көрсету қаупінің жоғарылығы, қолайсыз жағдайлардың әсер етуі (үй-жайдан тыс болуға байланысты жұмыс), патогендік инфекциямен үнемі контактіде болу қаупі, шамадан тыс жүктемесі бар жұмыс - 1 дәрежедегі жүктеме
1)	дәрігерлер:	
	терапевт (учаскелік)	
	педиатр (учаскелік)	
	жалпы практика	

2)	орта медициналық персонал:	
	учаскелік медициналық бике	
	жалпы практика медициналық бикесі	
	фельдшер	
	акушер	
	медициналық бике	
5.	Қалада орналасқан алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының мамандары:	4-тармақтағы өлшемдер, бірақ жүктеме дәрежесі одан төмендеу - 2 дәрежедегі жүктеме
1)	дәрігерлер:	
	терапевт (учаскелік)	
	педиатр (учаскелік)	
	жалпы практикадағы	
2)	орта медициналық персонал:	
	учаскелік медициналық бике	
	жалпы практика медициналық бикесі	
	Фельдшер	
	Акушер	
	медициналық бике	
6.	Патологоанатомиялық бюролардың (бөлімшелердің), сот-медициналық сараптама орталықтарының мамандары:	Мәйітті союға байланысты жұмыс, патогендік флорамен байланыста болу қаупі, қайтыс болған науқастардың, қаза тапқан және өлтірілген адамдардың туысқандарымен қарым-қатынас жасау кезіндегі психоэмоциялық күйзеліс
1)	тікелей мәйіттердің сараптамасымен және мәйіт материалдарымен айналысатын сот-медициналық сарапшысы	
2)	тікелей мәйіттерді союмен айналысатын патологоанатом, соның ішінде балалар патологоанатомы	
7.	Жедел медициналық жәрдем станцияларының (бөлімшелерінің) қызметкерлері:	Жоғары жедел қасиеті – диагностика мен емдеуде тез шешім қабылдау, жарақат алудың жоғары қаупі, артық дене жүктемелері, жоғары психоэмоционалдық
1)	жедел және шұғыл медициналық жәрдем дәрігері	

2)	жедел медициналық жәрдем станциясының фельдшері	жүктеме – өмір мен өлім арасында жатқан науқастарға жедел
3)	медициналық бике, медициналық тіркеуші, санитар, жүргізуші	медициналық көмек көрсету жөніндегі жұмыс.
8	Терапиялық бейінді мамандар:	
1)	Дәрігер: неонатолог	Реанимацияның, қарқынды терапия мен жаңа туған нәрестелерге, оның ішінде дене салмағы 500 грамм болатын шала туған нәрестелерге күтім жасау нәтижесі үшін тұрақты жүйке-эмоциялық күйзеліс, кезекшілікке және шұғыл шақыртуларға байланысты қатты шаршау, арнайы жабдықтармен тұрақты жұмыс істеу (өкпені жасанды желдету аппараттары, кювездер, реанимациялық үстелдер)
	орта медицина персоналы: жаңа туған нәрестелер физиологиясы және патологиясы бөлімшелерінің жаңа туған нәрестелерге күтім жасауды жүзеге асыратын медициналық бикесі	
2)	шала туған нәрестелерге күтім жасау бөлімшелерінің жаңа туған нәрестелерге күтім жасауды жүзеге асыратын медициналық бикесі	
	орта медицина персоналы: жаңа туған нәрестелер физиологиясы және патологиясы бөлімшелерінің жаңа туған нәрестелерге күтім жасауды жүзеге асыратын медициналық бикесі	
3)	дәрігер:	Адам өліміне жиі әкеп соғатын қатерлі қан ауруларымен ауыратын сырқаттарға химиялық терапия жүргізу нәтижесі үшін тұрақты жүйке-эмоциялық күйзеліс, кезекшілікпен байланысты қатты шаршау, өмірге қауіп төндіретін, дереу шешім қабылдауды талап ететін асқынулардың жоғары пайызы
	химиялық терапияны жүргізумен айналысатын гематолог	
4)	орта медицина персоналы:	
	гематологиялық сырқаттарға химиялық терапияны жүзеге асыратын медициналық бикесі	

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1400 қаулысына  
23-қосымша

РҚАО-ның ескертпесі!

23-қосымша қызмет бабында пайдалану үшін. "Заң" Деректер базасына  
енгізілмейді (P09001726 қараңыз).

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1400 қаулысына  
24-қосымша

**Басшыларға, мамандарға және қызметшілерге еңбекақы төлеу  
арттыру коэффициентімен жүзеге асырылатын республикалық  
мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың  
тізбесі**

Ескерту. 24-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957  
(01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1400 қаулысына  
24-1-қосымша

**Басшыларға, мамандарға және қызметшілерге еңбекақы төлеуді  
жоғарылату коэффициентімен жүзеге асырылатын «Академиялық»  
мәртебесі бар коммуналдық мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорындардың тізбесі**

Ескерту. Қаулы 24-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 25.01.2013  
№ 45 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - ҚР Үкіметінің  
27.11.2015 № 957 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.



Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1400 қаулысымен  
бекітілген

**Көлік және коммуникация салаларындағы азаматтық қызметшілерге,  
мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың  
қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек  
жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақылар**

Ескерту. 25-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.11.2015 № 957  
(01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Қосымша ақылар мен үстемеақылардың атауы	Қосымша ақылар мен үстемеақылардың түрлері	Қосымша ақылар мен үстемеақылардың мөлшерлері	Ескертпе
1	2	3	4	5
1.		Ерекше жағдайлар үшін қосымша ақы		
	«Қазақстан кеме қатынасының тіркелімі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, су жолдары қазыналық кәсіпорындарының, «Ақмола жолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің, «Ақтөбе жолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің, «Алматы жолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің, «Атырау жолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің,		ЛЖ-дан 50 %-ға дейін	Кәсіпорын басшысы белгілеген тәртіппен

	<p>«Батысжолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің,  «Жамбылжолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің,  «Шығысжолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің,  «Қарағандыжолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің,  «Қызылордажолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің,  «Қостанайжолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің,  «Маңғыстаужолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің,  «Павлодаржолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің,  «Солтүстікжолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің,  «Оңтүстікжолзертхана» республикалық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне жұмыстың қауырттылығы және күрделілігі үшін</p>			
2.		Жұмыстың көшпелі сипаты үшін үстеме ақы		2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес
	Ұйымдардың		АЕК-тен* 35%	Кәсіпорын

	қызметкерлеріне тұрғылықты жерінде болмаған әр күнтізбелік күні үшін			басшысы белгілеген тәртіппен
3.		Су астындағы жұмыстар үшін үстеме ақы		
	Ұйымдардың сүнгүйрлеріне су астында жұмыс істеген әр сағаты үшін		сағаттық мөлшерлемеден 100 %	Кәсіпорын басшысы белгілеген тәртіппен

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:

\* АЕК - заңнамада белгіленген айлық есептік көрсеткіш.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1400 қаулысына  
26-қосымша

### Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің өкімін жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қыркүйектегі N 1125 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 38, 356-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп туралы ережеде:

26, 27-тармақтар алынып тасталсын.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.30 № 389 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. "Қазақ ұлттық музыка академиясын ашу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 наурыздағы N 269 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1998 ж., N 9, 70-құжат):

5-тармақтың екінші абзацындағы "профессор-оқытушылар құрамының еңбекақы қорына 1,75 коэффициентін қолдана отырып, жеке нормалар бойынша" деген сөздер алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1400 қаулысына  
27-қосымша

**Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне үнемдеу есебінен  
сыйлықақы беру жүзеге асырылатын, материалдық көмек  
көрсетілетін және үстемеақы белгіленетін шығыс  
түрлерінің тізбесі**

Сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және үстемеақылар белгілеу шығыстардың мынадай түрлері бойынша үнемдеу есебінен жүзеге асырылады:

1) қаржыландыру жоспары бойынша үнемделген қаражаттың жалпы көлемінің 30% асырмай жыл ішінде, ал желтоқсанда - бір жылда үнемделген қаражаттың толық көлемінде:

ел ішіндегі іссапарлар және қызметтік жол жүрулер;

елден тыс жерлерге іссапарлар және қызметтік жол жүрулер;

үй-жайларды жалға алу ақысын төлеу;

коммуналдық қызметтерге ақы төлеу;

байланыс қызметіне ақы төлеу;

көлік қызметіне ақы төлеу;

электр энергиясына ақы төлеу;

жылуға ақы төлеу;

ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа да негізгі құралдарды ұстау, қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу;

өзге де қызметтер мен жұмыстар;

өзге де ағымдағы шығыстар;

2) қаржыландыру жоспары бойынша үнемделген қаражаттың толық көлемінде:

негізгі жалақы;

өтемақы төлемдері;

әлеуметтік салық;

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар;

көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға арналған жарналар;

мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің жеке басын мемлекеттік міндетті сақтандыруға арналған жарналар;

қосымша ақшалай төлемдер.

Шығыстардың қалған түрлері бойынша қаржыландыру жоспары бойынша үнемделген қаражатты сыйлықақы беруге, материалдық көмек көрсетуге және үстемеақылар белгілеуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1400 қаулысына  
28-қосымша

Ескерту. 28-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1553 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне үнемдеу есебінен  
сыйлықақы беру жүзеге асырылатын, материалдық көмек  
көрсетілетін және үстемеақы белгіленетін шығыс  
түрлерінің тізбесі**

Сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және үстемеақылар белгілеу шығыстардың мынадай түрлері бойынша үнемдеу есебінен жүзеге асырылады:

1) даму жоспары бойынша үнемделген қаражаттың жалпы көлемінің 30 % асырмай жыл ішінде, ал желтоқсанда - бір жылда үнемделген қаражаттың толық көлемінде:

- іссапарлар шығындары;
- коммуналдық қызметтер;
- электр энергиясы;
- жылу;
- байланыс қызметі;
- көлік қызметі;
- негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу;
- негізгі құралдар бойынша жалға алу ақысы;
- несие бойынша сыйақыны (мүддені) өтеу шығындары.

2) даму жоспары бойынша үнемделген қаражаттың толық көлемінде:

- жалақы;
- салықтар және бюджетке түсетін өзге де міндетті төлемдер.

Шығыстардың қалған түрлері бойынша даму жоспары бойынша үнемделген қаражатты сыйлықақы беруге, материалдық көмек көрсетуге және үстемеақылар белгілеуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1400 қаулысына  
29-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің  
тізбесі**

1. "Базалық лауазымдық жалақының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 желтоқсандағы N 1607 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 47, 548-құжат).

2. "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 2-3, 14-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 шілдедегі N 854 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 25, 271-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 қаңтардағы N 91 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 3, 45-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты" мемлекеттік мекемесін" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот академиясы" мемлекеттік мекемесі деп қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қыркүйектегі N 1008 қаулысының 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 39, 415-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қарашадағы N 1191 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 45, 491-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 қаңтардағы N 89 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 3, 47-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 тамыздағы N 867 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 30, 408-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 қыркүйектегі N 985 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 35, 465-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1040 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 37, 493-құжат).

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1367 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 50, 650-құжат).

12. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 ақпандағы N 88 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 5, 44-құжат).

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 402 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 18, 220-құжат).

14. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1032 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 37, 528-құжат).

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 желтоқсандағы N 1207 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 46, 602-құжат).

16. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 131 қаулысы.

17. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 610 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 23, 243-құжат).

18. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қарашадағы N 1156 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 44, 479-құжат).

19. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы N 1 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістердің 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 1, 6-құжат).